

**Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектеп бойынша
«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының
2024-2025 оқу жылында атқарған жұмыстарына анықтама**

Білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылатын іс-шаралар жоспары 2024-25 оқу жылына арналып жасалынып, жоспарға сай жұмыстар ақарылуда.

5 қыркүйек - «Тілдер мерекесі» күніне орай 2024 жылдың «Тілім менің ғасырларға аманат» тақырыбында «Мектеп парламентінің» мерекелік құттықтауы жолданды.



Отбасы күніне орай, Отбасы құндылықтарын дәріптеу, маңыздылығын ұғындыру, отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, бақытты жанұяның моделін дайындау мақсатында өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында оқушыларға қысқа метражды фильм көрсетілді.



«Отбасы – алтын бесік» тақырыбында оқушылардың отбасылық суреттерінен көрме ұйымдастырылды. Қорытындысында «Мерейлі отбасы», «Өнегелі отбасы», «Ұлағатты отбасы», «Үлгілі отбасы», «Парасатты отбасы», «Берекелі отбасы», «Ұйымшыл отбасы», «Бақытты отбасы», «Жас отбасы» номинацияларымен марапатталды.



Қазан айы

«Мектеп папрламенті» өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 1 қазан – Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай мектеп ардагері Қожақ Бибісара апайды 6 «А» сынып оқушылары құттықтап барып, «Аталар сөзі – тәрбие көзі» тақырыбында сыр-сұхбат болды. Сұхбат барысында оқушылар ән айтып, жыр жолдады. Мақсаты: Баланы жастайынан үлкендерге, ата-аналарға құрметпен қарауға, егде жастағы адамдардың еңбегін ерекше құрметтеуге, аға буын өкілдерінің өмірлік тәжірибесі мен даналығын жастарға үлгі ету.



Ұстаздар күні мерекесіне қарсаңында «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығының» №595 санды хатын басшылыққа ала отырып, мектепте «Дублер күнін» өткізді.

Мақсаты: оқушылар мен педагогтердің бірлескен қызметін ұйымдастыру арқылы білім алушылардың әлеуметтік құзіретті тұлғасын дамыту үшін жағдай жасау.



«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының президентін сайлауына 8-10 сынып оқушылары өз сайлауалды бағдарламаларын ұсынып, әлеуметтік желіге жарияланды. 19 қазан күні мектеп президенті сайлауы өтіп, басым дауыспен Қаратай Аяулым «Мектеп парламентінің» приезиденті болып сайланды. Сонымен қатар, фракция мүшелері де сайланды.





Құқық және тәртіп фракциясы – Қонысбай Жансерік
 Ақпарат фракциясы – Насыл Жайна
 Спорт және салауатты өмір фракциясы – Қуандық Рысбек
 Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы – Сахиева Шехризат
 Қамқорлық фракциясы – Жақсыбек Жансұлу
 Мәдениет және өнер фракциясы – Оңғарбек Жұлдызай
 Дебат қозғалысының фракциясы – Бақыт Нұрлан
 Экология және еңбек фракциясы – Бауыржанқызы Бақытжан

Сонымен қатар, «Мектеп парламенті» президентін Ұлықтау рәсімі болып, мектеп президенті Қаратай Аяулым АНТ қабылдады.



Сондай-ақ фракция жетекшілеріне арнайы төсбелгі табысталды.



Мектеп оқушылары арасында дәстүрлі «Алтын күз – 2024» сайысы болып өтті. Сайысқа 5-7 және 8-11 сыныптар қатысты. Сайыс 5 кезеңнен тұрды.

1. Кел танысайық (әуенді таныстыру, эмблемамен)

2. Өнерлі өрендер (ән,би,күй т.б)

3. Күз сыйы (күзгі дақылдардан қолөнер жасау)

4. "Күз ханзадасы" мен "Күз ханшайымы" (күзгі киім үлгісі, балдық би)

Қазылар алқасының шешімі бойынша өзгелерден оза шауып, көрермен көзайымы бола білген Аққали Аян мен Қалладин Ясмина "Күз ханзадасы мен ханшайымы" атанды.

Сайыс қорытындысы бойынша 5-7 сыныптар бойынша:

Бас жүлде 7 "а" сыныбы

1-орынды 7 "б" сыныбы

2-орынды 5 "б" 7 "в" сыныбы

3-орынды 6 "а" 6 "в" сыныбы иеленді



Сайыс қорытындысында 8-11 сыныптар бойынша:

Бас жүлде 8 «А» Ханзадасы Оразбай Ерасыл, Ханшайымы Серік Нұрилла

1- орынмен

9 «А» Ханзадасы Бегімбайұлы Мерей, Ханшайымы Шабар Дильназ

9 «В» Ханзадасы Еділ Нүркен

Ханшайымы Әбдібази Ақжарқын

2-орынмен 8 «Б» Ханзадасы Жұматаев Рахман, Ханшайымы Жеткербай Мейнура

3-орынмен 9 «Б» Құрманай Гүлфайруз, Жаңаберген Дильназ,

Қалған сыныптар алғыс хаттармен марапатталды.



Қараша айы

Ұлттық валюта күніне орай «Мектеп парламенті» өзін өзі басқару ұйымы «Ұлттық теңге – тәуелсіздік нышаны» тақырыбында оқушылар арасында сұхбат жүргізді.

Мақсаты: Қазақстанның ұлттық ақшасына көшу тарихы, оның маңызын түсіндіру. Ақшаның пайда болу тарихы, өз ұлттық теңгеміздің айналымға кіруі, қалай, кімдер жасағаны туралы мағлұмат беру



«Алтын сақа» жобасы аясында «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 3-4 сынып оқушылары арасында қазақ халқының дәстүрлі ойыны «АСЫҚ АТУ» сайысы болып өтті.

✿ Мақсаты:

Оқушылар бойында қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасына құрмет сезімін қалыптастыру, ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа баулып, ұлттық ойындарымызды білуге деген құштарлығын арттыруға тәрбиелеу

✿ Ойынның шарты - асықтарды шеңберден шығару арқылы ұпай жинау.

Нәтижесінде:

🥇 1-орын Шора Бекарыстан

🥈 2-орын Алданбек Акылжан

🥈 2-орын Сағынтай Дінмұхаммед

🥉 3-орын Әскербек Мейрімжан

🥉 3-орын Арғынхан Нариман





Ұйымдастыруш-педагог: Қожанова Н.Т.